

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҚУСҮПТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

**«ҰЛЫ ДАЛА ТОПЫРАҒЫН ҰЛЫҚТАЙЫҚ: КӨРКЕМ
ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ»** тақырыбы аясында
**«ҚАЗАҚСТАҢДА СУРЕТШІ ҮСТАЗДЫ ДАЙЫНДАУ:
КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ»** атты республикалық
ғылыми - әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
республиканской научно-методической
конференции **«ПОДГОТОВКА
ХУДОЖНИК –ПРЕПОДАВАТЕЛЯ В КАЗАХСТАНЕ:
ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**, посвященной
«ВОЗВЕЛИЧИВАНИЮ ЗЕМЛИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»



23-24 қаңтар 2016 жыл

Шымкент қаласы

Сурет сәл білгенім маған болашақтағы өміріме көп көмең тигізді. Өткені инженер – конструктор әлде қандай машина жасауды ойластырған кезде, ол өзінің болашақ туындысын етжей - тегжейлі көз алдына келтіруге тиіс және оның бейнесін қарындашпен қағаз бетіне түсіре білуі тиіс. Географ А.Полонкин тіпті География және сурет сәлу деп аталатын бір тұтас кітап та жазған. Сурет әрбір адамның сезіміне қанат бітіреді, тіпті озық техниканың дамуына мол әсерін тигізетіні белгілі. Осындай бейнелеу өнерінің өмірдегі қажеттілігі, қолданыс ауқымы туралы айтылған хирургтардың және тағы басқа да мамандық иелерінің ойлары дәлел бола алады.

Дамыған 30 елдің қатарындағы елдермен бірге іргелі ел болуға, ұлт болуға, мемлекеттік тілді, халқымыздың тарихи мұрасын, мәдениетін, өнерін білетін, қазақтың жанын ұға алатын, елінің саясатынан хабарлар өз саласының пәсекете төтеп бере алатын нағыз маманын дайындау қазіргі Елбасымыздың алдымызға қойған басты міндеті. Сондықтан бұл жерде балаларды өнермен сусындататын бейнелеу өнері нәні мұғалімдерінің білім мен кәсіптік деңгейлері өте жоғары деңгейде болуы басты шарт.

БЕЙНЕЛЕУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Есенбек Салтанат Тәшібай Дәмелі 2 курс студенттері
«Сырдария» Университеті

Резюме

Изобразительное искусство является способностью играть различные виды учебных предметов и учебных предметов. Его главная цель состоит в удвоении реальности преподавания государственного образования изобразить обучения студентов художественных чтобы показать реальность жизни в искусстве. Изобразительном особенностях принятия систематического представления о красоте жизни населения как можно больше формирование способности использовать свои собственные произведения искусства.

The ability to self-discipline is unparalleled in other training and educational functions of fine art.

Its main purpose - particularly the authenticity of a double life and social traditions. The realities of life, showing analady of teaching art features artistic image ,artistic perception students, if possible, its systemic manifestations of folk life, his works, the beauty of nature, create the ability to use Beyeler csded.

Бейнелеу өнері басқа оқу пәндеріне үкесімайтын өзіндік атқаратын міндеті мен тәрбиелік мүмкіндігі зор пән.

Оның басты мақсаты - өмір шындығының қос қоғамдық ерекше тәлім тәрбие беру. Бейнелеу өнерін оқыту айналадағы өмір шындығын көркем бейнелеу ерекшеліктерін танытуды, оқушылардың табиғат сұлулығын халық

өмірінің көріністерін жүнелі қабылдауын оның мүмкіндігіне өзінің көркем бейнелеу жұмыстарында қолдана білу қалыптастыруды көздеді. Бұл пәннің мазмұны мен мақсаты мектептің жалпы оқу тәрбие жұмыстарының негізгі талаптарымен де ұштасып жатады. Сол себепті әрбір сабақты оқыту мен тәрбие процесінің тығыз бірлігі осы өнерді меңгертеудегі негізі болып табылады.

Бейнелеу өнер сабақтарында оқушылардың практикалық білімі мен көркемдікті түйсіндік үйлесімді ұштастыра білуге шындық пен өнердегі әсемдікті дәл сезіне білуін, шығарманың ыңғасына өнерге деген ықыласы мен қызушылығына және материалдық дүние танымының қалыптасуына ықпал етеді. Айналадағы өмір шындығы көріністерін көркем бейнелеу әдістері мен тәсілдерін меңгеру белсенді шығармашылық жұмыс.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелейді ,қаралайым заттарға эстетикалық билік талғам тұрғысынан қарауға табиғат пен алам жасаған сұлулықты қорғап білуге баулиды.

Оқушылардың шындық пен өнерге деген белсенді эстетикалық сезімталдық қабілеттерін тәрбиелеу өнердегі икемділіктерін дағдыларын еңбекке оқуға пайдалана білуге үйрету. Туған халқының сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру.

Әрбір сабақта қазақ дәстүрлерінің үлгісін пайдалана отырып әдепті тазалыққа сұлулыққа түсіне білуге тәрбиелеу.

Бейнелеу өнері оқыту барысында қолданылатын педагогикалық әдістің бірі болып табылады.

Бейнелеу өнері пәннің мүмкіндігі шексіз мұндай нақты бір шешім болуы мүмкін емес, әр оқушының белгілі затты немесе құбылысты қалай қабылдаса солай бейнелеуге тырысады.

Сондықтан бір оқушының тапқан шешімі екінші оқушының жұмысына үкесімайды. Осы жағдай кластағы барлық оқушының сабаққа толық ыңғаммен қатынасуын қамтамасыз етеді, өйткені талантсыз оқушы жоқ, ойын үстінде баланың творчестволық қабілет мүмкіндігі толық ашылады.

Бейнелеу өнерінен үй тапсырмасы берілмейтінін ағталық сағат саны бір сағат қана екенін және творчестволық тапсырмалармен жаттығулардың аздығын ескерсек, ойын-тапсырмалардың бейнелеу өнерін оқытуда қаншалықты маңызды екенін байқау қиын емес. Бейнелеу өнерін оқыту барысында ойын элементтері аралас тапсырмалар беру оқушылардың сабаққа деген қызушылығын арттырып олардың сабақта творчестволықпен жұмыс етеуіне себебін тигізеді.

Бейнелеу өнері сабақтары өзінің терең мазмұндылығымен оқушылардың сабаққа деген ыңпа-ықыласын қызығуын, творчестволық шабыттың арттыратындай болу тиіс, деп көрсетілген.

Мектепте бейнелеу өнері туралы білім беруде оқушылардың кеңістік жөніндегі ұғымын дамытудың маңызы зор. Оқушылар заттың бейнесін дұрыс алғашымен , оның кеңістігі орналасуын дұрыс көрсете алмайды.

Бейнелеу өнерін оқыту программасында композиция теориясымен оның

бейнелеу өнерінің барлық түрлері жанырларына қатысты заңдылықтарымен, бейнелеу әдістерімен таныстыру мәселесі де қамтылған.

Бейнелеу өнері программасында бірінші класста композиция бойынша жұмыс істегенде қатаң бетіне үйлесімді орналастыру, ал мүсіндеу және сәндік суретте тұтастай бейнені сала білуге үйрету керек, екінші класста оқушылар композиция үшін объектіні өздері таңдап, түрлі суреттер сала бастайды. Үшінші класста композициямен кеңістіктегі заттардың үйлесімділігін сақтаулар басты көңіл бөлінеді. Сурет салу 4-6 класстарда суреттің мәніне байланысты кеңістіктегі қанша түр ерекшеліктерін нәрсенің үстіне түсіп тұрған жарықты үйлестірумен тығыз байланысты делінген.

Сәндік сурет салу бейнелеу өнері сабақтарының бір түрі. Оқушылардың бейнелеу жұмысы кезінде олардың өрнекті формат бетіне орналастыруына, бояу кезінде қылқалам мен жұмыс істеу әдістеріне назар аударамыз.

Сабақ соңында жақсы жасалған жұмыстарды оқушыларға көрсете отырып бағалаймыз.

Оқушылардың эстетикалық сезімі мен әсемдікті қабылдау қабілетін дамыту, саяси идеялық, адамгершілік тәрбиесін беру, өнерге деген қызығушылық пен сүйіспеншілігін ояту, творчестволық ойлау қабілеттерін арттыру бейнелеу өнері пәнінің басты міндеттері болып табылады.

Бейнелеу өнері оқыту барысында қолданылатын педагогикалық әдістің бірі болып табылады.

Бейнелеу өнері пәнінің мүмкіндігін шексіз мұндай нақты бір шешім бол бір шешім болуы мүмкін емес, әр оқушының белгілі затты немесе құбылысты қалай қабылдаса солай бейнелеуге тырысады.

Сондықтан бір оқушының тапқан шешімі екінші оқушының жұмысына ұқсамайды. Осы жағдай класстағы барлық оқушының сабаққа толық ынтамен қатынасуын қамтамасыз етеді. Өйткені талантсыз оқушы жоқ, ойын үстінде башаның творчестволық қабілет мүмкіндігі толық ашылады.

Бейнелеу өнерінен үй тапсырмасы берілмейтінін апталық сағат саны бір сағат қана екенін және творчестволық тапсырмалармен жаттығулардың аздығын ескерсек, ойын-тапсырмалардың бейнелеу өнерін оқытуда қаншалықты маңызды екенін байқау қиын емес. Бейнелеу өнерін оқыту барысында ойын элементтері аралас тапсырмалар беру оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың сабақта творчестволықпен жұмыс істеуіне себеп тигізеді.

Бейнелеу өнері сабақтары өзінің терең мазмұндылығымен оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын қызығуын, творчестволық шабытын арттыратындай болу тиіс, деп көрсетілген.

Мектепте бейнелеу өнері туралы білім беруде оқушылардың кеңістік жөніндегі ұғымын дамытудың маңызы зор. Оқушылар заттың бейнесін дұрыс алғанымен, оның кеңістігі орналасуын дұрыс көрсете алмайды.

Сәндік сурет салу бейнелеу өнері сабақтарының бір түрі. Оқушылардың бейнелеу жұмысы кезінде олардың өрнекті формат бетіне орналастыруына, бояу кезінде қылқалам мен жұмыс істеу әдістеріне назар аударамыз.

Сабақ соңында жақсы жасалған жұмыстарды оқушыларға көрсете отырып бағалаймыз.

Бейнелеу өнерінде алдыңғы көрініс, ортаңғы көрініс, соңғы көрініс деген ұғымдар кеңістік ұғымын білдіреді. Кеңістіктегі суретшіге ең жақсы орналасқан заттардың бейнесі алдыңғы көрініс деп аталады.

Заттардың кеңістіктегі орналасу қалпын көрсету үшін, алдыңғы көріністердегі бейнелеу ашық етіп штрихталып, соңғы көріністердегі бейнелер оған қарағанда бұрынғырау етіп көрсетіледі. Оқушылар сурет салу негізінде перпендикуляр заңдылықтарын білмегендіктен кемшіліктері осыған байланысты болып жатады.

Ұстаздық мамандықты жете меңгеру, кәсіптік даярлығын өрістетіп отыру бейнелеу өнері басқа оқу пәндеріне ұқсамайтын өзіндік атқаратын міндеті мен тәрбиелік мүмкіндігі зор. Оның басты мақсаты өмір шындығының қос қатымдық ерекше бір мезетін көркем бейнелеу арқылы мәңгілікке тоқтаудың қыр-сырын балаларға үйрету соған эстетикалық тәлім тәрбие беру. Бейнелеу өнерін оқыту айналадағы өмір шындығын көркем бейнелеу ерекшеліктерін танытуды оқушылардың табиғат сұлулығын халық өмірінің көріністерін жүйелі қабылдауын оның мүмкіндігінше өзінің көркем бейнелеу жұмыстарында қолдана білу машықтарын қалыптастыруды көздейді. Бұл пәнінің мазмұны мен мақсаты мектептің жалпы оқу тәрбие жұмыстарының негізгі талаптарымен де ұштасып жатады. Сол себепті әрбір сабақты оқыту мен тәрбие процесінің тығыз бірлігі осы өнерді меңгертудегі негізгі болып табылады.

Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың практикалық білімі мен көркемдікті түйсінуін үйлесімді ұштастыра білуге, шындық пен өнердегі әсемдікті дәл сезіне білуін шығарманың ынтасына өнерге деген ықыласы мен қызығушылығына және материалдың дүние танымының қалыптасуына ықпал етеді. Айналадағы өмір шындығын көріністерін көркем бейнелеу әдістері мен тәсілдерін меңгеру белсенді шығармашылық жұмыс.

Бейнелеу өнерін оқыту барысында ойын элементтері аралас тапсырмалар беру оқушылардың сабаққа дейін қызығушылығын арттырып, олардың сабақта творчестволықпен жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Ойын тапсырмаларды сабақтың барлық кезеңдерінде пайдалануға болады, бұл студенттердің жанна дайындығына, даму деңгейіне, білім тереңдігіне байланысты болады.

Бейнелеу өнері сабағында, ойын элементтері аралас тапсырмалар жеке объектігі ретінде сирек қолданылады. Оның сабақта оқытылуға тиісті программалық материалдық құрамдас бөлігі ретінде қаралғаны дұрыс. Ойын тапсырмалары оқу материалына қосымша бола отырып, сабақтың дидактикалық мүмкіндіктерін кеңіте түседі.

Ойын тапсырмалар мен бойытылған оқу материалы таным мен қызмет объектісі болып қана қоймай, оқушылардың ақыл-ойын, творчестволық мүмкіндіктерін арттырады. Бейнелеу өнері программасында көркем өнер ісі балалардың эмоциясында жағымды әсер етіп, оларға қуаныш әкелетіндей болу

керек бейнелеу өнер сабақтары өтiнiн терең мазмұндылығы мен оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын, қызығуын, творчестволық шабытын арттыратындай болуы тиіс. Шешiмiн табу оны толық қабылдауын қамтамасыз етуден басталады.

Кейбiр жағдайларда әр-түрлi кескiндермен бейнелеу көрсету де көмек көрсетедi. Оқу материалдарын меңгеру үшiн, қолданылатын педагогикалық тәсiл бекітiлгеннен оның мазмұнына терең үңiлуiн қадағалау керек. Тексеру мақсатында кейбiр мазмұнның қайта ойын шығуды сұрауға болады. Кейбiр, оқушы қиналған жағдайларда негiзгi тапсырмаға үкесіз тапсырманы алып келедi.

Мектепте бейнелеу өнерi туралы бiлiм беруде оқушының кеңiстiк жөнiндегi ұғымын дамытудың маңызы зор. Мұндай кеңiстiк туралы берiлетiн бiлiм мазмұнын анықтап, психологиялық, педагогикалық тәсiлдердi дұрыс шешудi қажет етедi.

Сондықтан қазiр бейнелеу өнерiн оқыту барысында кеңiстiк туралы ұғымын қалыптастыруға зор маңыз берiлуi қажет. Алдағы уақытта бейнелеу өнерiнiң әдiстерi мен тәсiлдерi дамытыла беруi қажет. Сабаққа байындық барысында көптеген өнер шеберлерi мен олардың картиналары мен таныстырылады, суретшiлер шығармалары мен жүйелi бейнелеу өнерi туралы бiлiмдерiн жетiлдiредi.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. О. Жәнібеков Қазақ қол өнерінің мәдениеті. Алматы: Өнер, 1982.-69 б
2. Ростовцев Н.Н. История методов обучения рисования. Учебное пособие для студентов педагогических институтов. Москва: 1981.-35 б
3. Кузин В.С. Основы обучения изобразительного искусства в школе. Москва: Просвещение, 1970.-169 б

УДК 687/075.32/

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Жақсылық Қуаныш, Күлсейіт Ләззат-4 курс студенттері
«Сырдария» университеті

Резюме

Содержание этого субъекта и цель воспитательной работы в школе связано с основными требованиями. Является основой в образовательном процессе искусство методы обучения изобразительное искусство.

Subject: methods of teaching art

The main purpose of the educational work of the school and the learning environment and the content of the discipline is what it is. Therefore, the basis of each lesson is the

close unity of the process of training and education megarawdeal of this art.

Әдiстеме - белгiлi бiр мақсатқа, нәтижеге жету үшiн iстелетiн iс-әрекет барысындағы әдiс-тәсiлдерiнiң жүйелi бiрлiгi деген ұғымды бiлдiредi. Iс-әрекеттi жүйелi әдiстемелiк бiрлiкте дұрыс жүргiзу, яғни сол iс-әрекеттiң мақсатына жетудiң қысқа да нәтижелi жолын табу болып табылады.

Белгiлi бiр күрделi жұмысты орындау барысында тәжiрибелi адам сол күрделi жұмысты жекелеген бөлiктерге бөлiп, жұмыстың әдiс-тәсiлдерiн жүйелi бiргiздiлiкпен пайдаланып бiртiндеп орындайды. Ал суретшi белгiлi бiр бейненi, көрiнiсi бейнелеу үшiн алдымен оны қарап, зерттеп күрделiлiгiн анықтап, содан соң бейненi жазықтық бетiне композициялық шешiмiн тауып орналастырады. Содан соң бейнедегi жекелеген заттардың көлемiн пропорциялық сәйкестiгiн нақты көрсетiп бейнелейдi. Соңында бейнеленген жұмысқа қайтадан жалпы қарап, ондағы бейнелердiң көркемдiк үйлесiмдiлiгiн, бiрлiгiн тексередi.

Ал педагогика ғылымындағы әдiстеме - оқытушы мен оқушы арасындағы мақсатты оқу-тәрбие iс-әрекетiндегi әдiс-тәсiлдердiң жүйелi жиынтығы.

Әдiстеме негiзiнде, жалпы және жеке болып екi түрде қарастырылады. Бiрiншiсiнде – жалпы пәндер бойынша оқу-тәрбие мәселелерiне байланысты әдiс-тәсiлдер жүйесi қарастырылса, соңғысында – жекелеген пәндер бойынша оқу-тәрбие жүйесi қарастырылады.

Педагогика ғылымында оқытудың әдiстерi, мұғалiм мен оқушылар жұмысының тәсiлдерi, солардың көмегiмен бiлiм, iскерлiк дағды игерiлiп, оқушылардың дүниетанымы қалыптасады, қабiлеттерi дамиды. Яғни, оқыту әдiстерi- мұғалiм мен оқушылардың арасындағы оқу-тәрбие жұмыстарын нәтижелi етiп ұйымдастыру iс-әрекетiнiң тәсiлдерi. Дәлiрек айтқанда, әдiс белгiлi бiр мақсатқа жету iс-әрекетiнiң нақты жүйеге келтiретiн тәсiлдердiң жиынтығы. Сонымен бейнелеу өнерiн мектепте оқыту жұмысында жеке пән әдiстемесi- педагогикалық дидактика негiздерiн бетке ұстай отырып, оқушылардың танымдық қабiлеттерiнiң дамуына, көркемдiк идеяларын түсiнуге мүмкiндiк тууы тиіс, яғни оқушылардың ойын, қиялын дамытуға, өз бетiмен шығармашылық тұрғыда iзденiп жаңа бiлiмдi меңгеруiне ықпал жасауы керек.

Ауызша әдiс – сабақтың қандай кезеңiнде болса да, сұрақ-жауап, әңгiмелесу, пікірлесу, нұсқау беру тәсiлдерiн құрайды. Бұл әдiс көбiнесе сабақтың жаңа сабақ кезеңiнде басым орын алады.

Сабақтың ауызша әдiсiне бөлiнетiн уақыт сабақтың тақырыбына байланыстыағқаратын iс-шара мазмұнына немесе сабақтың бейнелеу өнерi түрi бойынша қаралуына байланысты.

Мысалы, 1-2 сыныптардағы заттан қарап бейнелеу сабақтарында жаңа сабақты баяндауға 8-10 мин. уақыт бөлiнуi мүмкiн. Ал өнер туралы әңгiме сабақтарында сабақтың көптеген уақыты ауызша әдiске берiледi. Әрине бұл сабақтарда ауызша әдiстен басқа әдiс-тәсiлдер пайдаланбайды деген сөз емес, ауызша әдiс көбiнесе көрнекiлiк әдiспен жетеленiп отырады.

Ауызша әдісте сұрақ-жауап, пікірлесу, әңгімелесу сабақты қызықты ете түседі, оқушылар тек пәнді ауыпана ғана болып қалмай, өзі сол мәселеге қатысушы, араласушы ретінде сезінеді. Оларды басты және өте маңызды мәселелердің мазмұнын, өзара байланысын анықтауға талпындырады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа шабыттандырып өздеріне сенімін менайтады, мәселе туралы жеке пікірлерін құрау дағдыларын қалыптастырады. Ауызша әдісте оқушылардың болашақ машықтық жұмысына шығармашылық көзқарасын, қиялын, шабытын ояту үшін тақырып мазмұнына байланысты поэтикалық шығармаларды мәнерлеп оқып, оны қысқаша талдау үлкен нәтиже береді [1].

Түсіндіру – жаңа білімді, ереже-заңдылықтарды, бейнелеу құралдары, материалдарымен жұмыс істеу ережелерін ауызша айтып көрсету немесе бейнелеу өнеріне байланысты жаңа бейтаныс сөздердің (терминдердің) мағынасын ашып айту болып табылады.

Мысалы, заттан қарап бейнелеу сабағындағы натюрморт жанры туралы әңгіме барысында «натюрморт» француз сөзінен алынған «олі табиғат» деген ұғымды білдіретіндігін түсіндіреді.

Түсіндіру, әсіресе жаңа сабақ мазмұнын ауызша әңгімелеу барысында жиі қолданылады, бірақ бұл түсіндірулер ауызша әңгімелеу жүйесін бүтбай кезеңімен қолданылғаны жөн. Сонымен қатар түсіндіру сабақтың машықтық кезеңінде де орын алады.

Түсіндіру мынадай талаптарға сай болуы керек:

- *Жүйелі түсіндіру;
- *Дәлелдер келтіру;
- *Өлшемдік, түстік салыстыру, мысалдар келтіру;
- *сұрақтарды нақты тұжырымдау.

Әңгімелесу – ол оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім тақырыпқа байланысты әңгіме туындағанды сұрақтарды мұқият ойластырып дайындайды. Әңгімелесу жаңа білімді, іс-әрекет ережелерін жеңіл меңгеруге жол ашады. Проблеманы түсінуде, шешуде мұғалім мен оқушының іс-әрекетін ынтымақтастықта ұйымдастыруға мүмкіндік туады.

Әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімдік қорын тексеріп байқауына болады.

Әңгімелесу арқылы оқушылардың ой-өрісі, өзіндік жеке пікір құрастырып, оны жариялау, коммуникативтік қабілеттері дамиды, яғни сөйлесу, пікірлесу мәдениеті қалыптасады.

Әңгімелесу нәтижесі көбінесе қойылатын сұрақтардың мазмұнына байланысты. Мұғалім оқушылардың әңгімелесу барысында жауаптары толық, аяқталған болуын қадағалауы тиіс. Әңгімелесу бейнелеу өнері пәнінің заттан қарап бейнелеу сабағында заттардың көлемін, құрылысын, түстік ерекшелігін талдауда, жекелеген өнер туындыларының композициялық, мазмұндық құрылымына талдау жасауда, оқушылардың аяқталған практикалық жұмыстарын талдауда кеңінен өткізіледі.

Оқу-тәрбие барысында дидактикалық талаптарға сай жоспарланған әңгімелесудің мынадай мүмкіндіктері бар:

- ой-өрісті, тілді дамыту;
- оқушылардың білімін тексеру;
- оқуға ынтасын арттыру;
- сөйлеу, сөйлесу мәдениетін дамыту;
- тәрбие беру;
- оқытуды ізгілендіру.

Көрнекілік әдісті әсіресе бастауыш сыныптардың алғашқы сатысында кеңінен қолдану өте маңызды. Ол оқушылардың құбылысты, оқиғаны, мәселені, оны шешу жолдарын көріп сезініп қабылдауына, түсінуіне, есінде сақтауына, заттардың құрылысын, қасиеттерін өз беттерімен немесе оқытушының көмегімен зерттеп тануына мүмкіндік жасайды. Көрнекілік әдіс сонымен қатар оқушының байқампаздық, есте сақтау, салыстыру арқылы талдау қасиеттерін дамытады.

Бейнелеу өнері сабағындағы көрнекілік әдісі демонстрациялау, иллюстрациялау, экрандық бейнелеу, дыбыстық тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Демонстрациялау – ол заттың сыртқы пішінін, ішкі құрылысын көрсету, қатар тұрған нәрселердің пропорциялық арақатынасын, кеңістікте орналасуын көрсету, табиғат көрінісін, көңіл-күйін көрсету. Демонстрациялау кезіндегі бақылау, талдау, зерттеуді жүйелі жүргізу керек. Ол заттардың немесе табиғаттың жалпы бейнесінен жекелеген ерекшеліктеріне кошу.

Оқушылардың демонстрацияланған көрініс немесе заттар туралы өздері әңгімелеуі өте маңызды. Ол оқушылардың қоршаған орта туралы өз пікірлерін, көзқарастарын қалыптастырады, коммуникативтік қабілеттерін арттырады. Демонстрациялау кезінде мұғалім әңгімесі басты рөл атқармай жетекші рөл атқаруы қажет[2].

Иллюстрациялау – ол заттың құбылыстың, көріністің суреттік бейнелері, яғни бейнелеу ережелері, суретшілер шығармаларының репродукциялары, фото суреттер, кестелер, технологиялық карталарды көрсету және сабақ барысындағы мұғалімнің тақтаға орындаған түсіндірме суреттері болып табылады. Бұл тәсіл бейнелеу өнері сабақтарының барлығында дерлік қолданылады. Иллюстрациялау тәсілі мен демонстрациялау тәсілдері бір-бірімен өте тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, сабақта перспектива заңдылықтарын әңгіме еткенде оны алғашында шынайы кеңістікте демонстрациялап көрсетсек, содан соң оны жазықтық бетінде бейнелеу ережелерін ілме көрнекіліктерден немесе тақтада иллюстрациялап көрсетеміз. Иллюстрациялау тәсілінің нәтижелі болуы ол, мұғалімнің көрсету әдістемелік шеберлігіне байланысты. Ол үшін мұғалім көрсетілетін көрнекіліктің сабақ барысындағы дидактикалық маңызын, танымдық ролін анықтап білуі қажет. Тәжірибеден белгілі болғандай сабақ барысында шамадан тыс көрнекіліктер оқушылардың көңілін негізгі мәселеден ауытқуы мүмкін. Сондықтан да

мұғалім алдын ала дайындаған көрсеткіштерді әңгіме болатын мәселе кезінде ғана бастан көрсеткені дұрыс.

Экранды бейнелік тәсілі мәселені, көріністерді, репродукцияларды, т.б. мәліметтерді көлөкпе, энциклопедия, киноаппараттар, бейнемагнитофон, теледидар, компьютер арқылы көрсету болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың сабаққа ерекше қызығушылығын арттырады, танымдық деңгейін көтереді, мәлімет алуға техникалық құралдардың орнын көрсетеді. Осы техникалық құралдарды, оларға салынатын мәліметтерді мұғалім алдын ала әзірлеп, диафильм, кинофильмдердегі жетекші мәтіндер мазмұнымен танысады. Бұл тәсіл көбінесе суретшілер шығармашылығымен, бейнелеу өнерінің түрлерімен танысу сабақтарында кеңінен қолданылады. Экранда бейнелік тәсіл тек жаңа мәлімет беру ғана емес, сонымен қатар тексеру, бекіту, қорытындылау, яғни дидактикалық іс-әрекеттердің барлығында пайдаланылады.

Бұл тәсілдің тағы бір ерекшелігі қоршаған ортадағы немесе жұмыс барысындағы ұзақ мерзімді процесті тездетіп көруге болады. Мысалы, жаңы табиғат көрінісінің күзге айналуын, соған байланысты аспан, жердің, өсімдіктердің түстерінің өзгеру барысын немесе қас-қағымда тез орындалатын жұмыс барысын баяу көрсету болады.

Сонымен көрсеткіштік әдіс-тәсілдер педагогикалық процестің барлық кезеңінде қолданылады. Олар жан-жақты образдық қабылдауға және ойлануға негізгі тірек болады[3].

Практикалық әдіс теориялық білімді белгілі бір іс-әрекетте жүзеге асыру, меңгеру үшін қолданылады. Ол жаттығулар, нобайлар, эскиздер және сабақ тақырыбы бойынша суреттер орындау, көркем жобалау (дизайн) жұмыстары болып табылады.

Бейнелеу өнері пәнінде практикалық әдіс басты әдістердің бірі болып саналады, өйткені онда қору сезініп қабылдаудан басқа барлық дерлік сабақта машықтың іс-әрекет арқылы икемділік, іскерлік дағдыларын қалыптастыру орын алады.

Жаттығу ол қарындашпен штрих түсіру (тік, көлбеу, доға), қылқаламмен бояу (құрғақ қағазды бояу, сулы қағазды бояу) жұмыстарына машықтану арқылы сапалы іскерлік дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Нобайлар, эскиздер орындау заттан қарап немесе тақырыптық бейнелеу алдында орындалады, ол болашақ салынатын бейненің композициялық шешімін, тақырыптың мазмұнын, перспективалық көрінісін дұрыс табу мақсатында орындалады.

Машықтық әдіс барысында мұғалім оқушылардың жаңа материалды қалай қабылдағаны және оған байланысты іскерлік дағдыларды қалай меңгергенін де бақылап байқауына болады.

Оқушыларды сабақ барысындағы машықтың іс-әрекеттерді жоспарлы, жүйелі, саналы жүргізуге дағдыландыру керек. Ол оқушыларды кез келген жұмыс барысын жүйелі, ұқыпты ұйымдастыруға тәрбиелейді. Оқытудың түсініктілік принципі мұғалімнен жаңа материалдың күрделілік деңгейін және

оны әр сыныпта меңгерілу мүмкіндігін білуді, сонымен қатар оқушылардың жас ерекшелігін, жеке іскерлік және танымдық қабілетін білуді талап етеді. Оқу материалын оқушының жас ерекшелігіне, жеке іскерлік қабілетіне сәйкес түсінікті етіп жоспарлау үшін мұғалім оқушылардың әр жаста белгіленген уақыт ішінде қандай білік және іскерлік дағдыларды меңгере алатындығын білуі тиіс[4].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бейнелеу өнері. Оқыту әдістемесі. Алматы, Атамұра, 2002.
2. Аманжолов С.А. Бейнелеу өнерін оқыту технологиясы. Астана, 2006.
3. Ғалымбаева А. Сурет техникасы. Алматы, «Өнер», 2002.
4. Әлмұхамедов Б., Балкенов Ж. Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. Алматы, Мектеп, 1987.

БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ҰЛЫ ДАЛА ТОПЫРАҒЫНЫҢ ҚАДІРІН СУСЫНДАТА САНАЛАРЫНА СІңІРТУ - ЕРТЕЛІТ БОЛАШАҚҚА БАСТАР ҰЛЫ ЖОЛ

Тоқтыбаева Гүлжархан Сәулебекқызы – аға оқытушы, п.ғ.магистры,
Салқимбаева Салтанат Амангелдиевна – аға оқытушы, п.ғ.магистры,
Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ.

В статье рассматривается воспитательная роль учителя изобразительного искусства, которая направлена не только на грамотное изображение окружающей среды, но и развитие творческих способностей учащихся, расширение их культурного кругозора и формирования эстетического восприятия окружающей действительности.

«Білім беру саласын модернизациялау, білімнің базалық құрамдылығын ақтауға бағытталуы тиіс және оларды үздіксіз жаңартып, толықтырып отыру қажет. Ең тәуір білім беру жүйесі жақсы оқитын оқушы мен нашар оқитын оқушының арасындағы айырмашылықтың жоққа таяулығы болып саналады», - деп елбасы Н.Ә. Назарбаев көрсеткендей, білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту, білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігі болып отыр. Қоғам дамуының барлық саласындағы болып жатқан өзгерістерге сай білім беру саласы да өзгеріп жаңаруда.

Қазақстандық білім берудің ұлттық моделі әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, көп деңгейлі әрі үздіксіз білім беру сипаттарымен ерекшеленбек. Қазіргі заман талабы өнерде мектепте оқыту

деятельностью, предметы искусства выступают как объекты познавательности, дидактическим материалом, и для активизации творческой работы учащихся.

Художественно-педагогический труд основной вид искусствоведческого труда, который создает необходимые предпосылки для формирования знания и умения, способствует развитию творчества по прикладному искусству. В процессе учебной работы дети создают собственные художественно-материальные ценности, приносят пользу обществу. Опыт показывает, что при этом интерес к изложению и знанию искусства у учащихся значительно возрастает, создаются благоприятные условия организации учебного процесса.

Поэтому одно из основных требований к урокам изобразительного искусства состоит в том, чтобы работа ребят имела преимущественно творческий характер. Подбирая учебно-творческие задания, учитель заботится о том, чтобы учащиеся смогли приобщить полученные свои знания по декоративно-прикладному, изобразительному искусству. Это означает, что учащиеся выполняющие учебные задания по видам традиционного народного искусства, должны соблюдать законы композиции, художественно-выразительных средств декоративно-прикладного искусства [4].

Литературы

1. Аванесов В.С. Композиция тестовых заданий. Учебная книга. 3-е изд., доп. М.: Центр тестирования, 2002. 240 с. С. 212
2. Аksenov Ю.Г., Левинова М.М. Цвет и линия. – М.: Советский художник, 1986. – 326 с.
3. Алексеев С.С. О колорите. М., Изобразительное искусство, 1974. -254 с.
4. Амиргалиев К.Ж. К. Қазақ колөнері. Алматы, 1998.

УДК 687/075.32/

КЕСКІНДЕМЕ – БЕЙНЕЛЕУ ОНЕРІНІҢ БІР ТҮРІ

«Сырдария» университеті
Түрғанбекова Нарғиза, Тастыбай Гүлмира
«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының студенттері

Резюме

Живопись является одной из форм изобразительного искусства. Живопись - это огромный гламурный мир искусства, магия региона.

Topic: Painting – type of fine art

Painting is one of the types of fine art is an art. The painting is huge in the art world, exported in the quest, a magical area. Morning shaped development of mankind, our former history of our ancestors art was born. The way in painting from childhood to the present erseke such growth.

Бейнелеу өнерінің бір түрі кескіндеме өнері болып табылады. Кескіндеме - өнер әлеміндегі ұрасан көр, өзіне еліктерін әкелетін, сипарлы аймақ. Ол адамзат

ламуының таң шанағында, біздің тарихтан бұрынғы ата-бабаларымыздың үнілерінен дүниеге келді. Қазіргі кескіндеме осы балалық кезден ересектікке дейін осындай өсу жолынан өтті.

Бұл ертедегі қабырға суреттері Қайта Орлеу дәуіріндегі кескіндеме жұмыстары, Ресей кескіндеме өнері, Франция импрессионистері және түрлі ағымдар. Сан ғасырлар бойына суретшілердің басшылыққа салған идеялары, олардың ұмтылыстары өзгеріп отырады, бір стильдің орнын екінші стиль басты, бірақ бәрібір кескіндеме жасап дами берелі.

Кескіндеме көрерменнің ойы мен сезіміне жағымды әсер ететін, жазықтық бейне бояу арқылы жасалатын көркем шығарма. Ертедегі гректердің айналы бойынша кескіндеме грек қызының өз сүйген жігітінің қырынан қараған бейнесін қабырғаға салуынан шыққан дейді. Француз ойшылы Дени Дидро: «Кескіндеме көз арқылы оймен берілетін өнер» дейді. Өнер адамы өмірінің бір бөлімбейтін бөлігіне айналады.

Басқа өнерлердің арасында кескіндеме суретшінің қырағы көзі шалғанын бәрін мейлінше толық бере алса керек. Сан жүздеген жылдар бойы ол табиғаттан үйреніп дүниені қызықты ететіндердің бәрін бейнелеудің таңдай қақтыратын жаңа әдістерін ойлап тапты. Оның бейнелеу құралдары шексіз бай бола бастады.

Сызықтардың өте бағыл жүргізілуі, бояулардың бай үндестігі, жарық пен көлеңкенің батыл, күтпеген контрастары, бейнеленіп отырған нәрсені орналастырудағы ойлы молшерлестік және айқын логика, қиялдың қызықты құбылмалылығы – осының барлығы кескіндемеге өз міндеттерін шешу үшін берілген.

Кескіндеме - бейнелеу өнерінің ең көп тараған түрі, бай әрі толысқан түрі, онда бейнелеудің сан алуан мол құралдары қолданылады. Кескіндеме әр түрлі-түсті бояулар арқылы қоршаған ортаның өмір шындығын жарқын етіп бейнелейді. Бұл өнер түріне қатты қағазды, ағашты, әйнекті, металды немесе қабырғаны да қолдануға болады [1].

Әсемдік талғам барынша сезімталдықпен ұштасса ғана соғұрлым қоршаған ортадағы объектілердің эстетикалық қасиеттерін терең талдап, әділ бағалауға мүмкіндік туары сөзсіз. Әсемдік талғам ламыған жағдайда нақты бір заттар мен құбылыстардың сыртқы түрі мен мазмұндағы гармония ішкі үндестік пен үйлесімділікке талап та күшейе түсері сөзсіз.

Бейнелеу іс-әрекеті бағытындағы шаралардың мақсаттарының бірі де осы бағалардың бойындағы көркемдік талғамдары мен әсемдікке атаулыға талғампаздықтарын қалыптастыру.

Бейнелеу өнері бала жанының тереңінде тебіреніс әсерін көрсетуі жайлы Гегель өзінің эстетикалық тұжырымжамасында көркемдік шығармалар өзінің мазмұны мен құрылымында тиянақты бір әлем көрінісі құраса да ол өзімен-өзі бір шеттегі шындық объект ретінде өзі үшін емес, көркемдік шығарманы сырттай бақылаушы және одан ләззат алушы біз үшін көпшілік үшін қолданылады.

Жаппы білім мазмұны жанарғушы ғылыми негізінде мектеп оқушысын

белгілі бір қажетті біліктіліктер мен дағдылардың иесі оқу әрекетінің субъектісі әр түрлі мәдениеттермен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін автор және жас ерекшелігіне байланысты өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап, еңбектенетін бала деп қарастыратын осыған орай көп қырлы құрылымды білім-тәрбие мазмұнын анықтап құруға көмектесетін.

Бейнелеу өнерінің мазмұны мен құрылымы анықтауда ламыта оқыту идеясынан басқа білім мазмұнының интегративті сипатын қамтамасыз ету оқушының алаңгершілігін, эстетикалық талғамын, мәдени-көркем білімін халықтың озық сәлтәстүрі, рухани-мәдени мұрасы негізінде тәрбиелеу сияқты ұстанымдар басшылыққа алынды.

Бейнелеу өнері көру, шолу арқылы қабылданған шындықты көрсететін көркем шығармалар түрлерінің тобы. Бейнелеу өнерінің шығармалары уақытта да кеңістікте өзгермейтін заттық форма.

Бейнелеу өнеріне кескіндеме, мүсін, графика, сәндік өнері жатады. Бейнелеу өнері өмірдегі шындық түрінде сондай-ақ заттың материалдық формасы ретінде объективті қасиетіне және заттың көлемі түсі, жарықтығы, фактурасы және кеңістік ортаға байланысты шығарылады. Көркем-эстетикалық білім мен тәрбиенің маңызды тиімді әдісі эстетикалық көркем сипатқа бейнелеу әрекеті түрінде ойын болып табылады. Көркемдік шығарманы түсіну демек оны ең алдымен мәнісін жете сезіну болып табылады.

Бейнелеу өнері сабағынан алған білімдерін тексеру мақсатындағы сабақта көркем – эстетикалық білікті дамыту және суретшілер шығармаларын қабылдаудағы көркем бейнелі ойлауды қалыптастыру көзделді. Ал міндеті оқушының өз бетімен ойлау қабілетін, көркем және логикалық ойлауын, ғанымдық белеенділігін дамыту болды.

Өнер туындыларын талдау түріндегі сабақтың әдісі әңгіме, сұрақ-жауап, суретшілер шығармалары туралы пікір алмасу, ойтарын ортаға салу. Жабдықтары, орыс суретшілерінің шығармаларынан репродукциялар, сәндік өнер, живопись және графикалық жұмыстар. Бейнелеу өнері шығармаларымен таныстыру оған баланы қызықтыру барлық баланың бейнелеуге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа тарту керек[2].

Балалардың бірі ойынды, ертегіні жақсы көреді. Сондықтан ойын, ертегі, дәстүрлі емес сабақ түрлерін енгізе отырып, баланың қалыптасуына, барлық баланың жұмыс істеуіне себебін тигізеді. Бала өзінше суретші, балаға өз ойлауына, өзінің қалауының салуына еркіндік сезіміне жол беру қажет.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, олардың көңіл – күйлерін көтеріңкі ұстау үшін әуен, сәт – күй, гүл өсімдіктер, тордағы құстар және түрлі суреттерді орында қолдана білу қажет.

Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы Қазан төңкерісінен кейін басталады. Бұл жылдарда көркем шығармалардың көрмесі маңызды оқиға болып есептелді.

Кескіндеме – бұл майлы бояулармен жасалған және бағет рамаға салынған, біз музейлерде қызықтайтын картиналар ғана емес. Кескіндеме ұғымы кең әрі мейлінше сан алуан техниканы қамтиды, мысалы, түрлі сулы бояулармен –

темперамен, гуашьпен, акварелмен салынған кескіндеме болады. Тіпті айдан боялған суретке (настель) ауысатын кескіндеме бар, жартылай тракюра – кескіндеме (монотипия). Мұның бәрі станоктік, яғни станокта (мольбертте) жасалатын кескіндеме. Монументтік кескіндеме де болады. Оның үлгілерін біз тинарағтардың қабырғаларынан көреміз. Мұнда кескіндеме арнайы техникада – ак сүтіне араластырылған бояулар және жаңа сылақ бетіне жиі жасалады. Мүлдем бояусыз – ак істелетін өзінің ерекшелігі бар монументтік кескіндеме де бар. Бейне түрлі материалдардың алуан түсті кесектерінен жасалады (мозайка). Сондай-ақ жарықтанатын кескіндеме – шыныдан жасалған картинадан отін түрлі – түсті жарық түсіретін кескіндеме де болады (витраж).

Кескіндеме шығармаларын орындаудың алуан түрлі техникаларын қарастыруға көшпестен бұрын тұстанудың кейбір мәселелерімен танысайық. Түс – кескіндеменің жаны. Шынында да ол реалистік кескіндеменің көркемдік құралдарының негізін суретпен және жарық пен көлеңкемен бірлікте түс құрайды. Біз шолғи жасыл, гүлдің қызыл, ал қардың ақ екенін тәжірибеден білеміз. Жасыл шолғи кескіндеменің шығармаларда іс жүзінде сұлғырт немесе кок дерлік, немесе тіпті қызыл дерлік болып шығуы мүмкін. Егер картинада қарды бір ғана ақ бояумен боясақ, қар сияқты әсер қалдырмай, жай ақ дақ болып шығады. Мұның болатын себебі, ақ қарда мыңдаған – қызылт, алтын түстес, көгілдір және күлгін реңктер болады.

Егер заттардың дәл өзіндей түстерлі көшірмесек, табиғаттың түстік сан құбылмалылығын қалай нағымды беруге болады. Бәрін де картинада дұрыс табылған түстердің өзара қатынастары шешеді. Заттың түсімен сәйкес келетін бояуды тандап алуға ұмтылу тіпті де керек емес. Кескіндеме – өнер әлеміндегі орасан зор, өзіне еліктіріп әкететін, сиқырлы аймақ. Ол адамзат дамуының тап шапағында, біздің тарихтан бұрынғы ата-бабаларымыздың үңгілерінен дүниеге келді. Қазіргі кескіндеме осы балалық кезден ересектікке дейін осындай өсу жолынан өтті.

Кескіндеме көрерменнің ойы мен сезіміне жағымды әсер ететін, жазықтық бейне бояу арқылы жасалатын көркем шығарма.

Басқа өнерлердің арасында кескіндеме суретшінің қырағы көзі шалғанның бәрін мейлінше толық бере алса керек. Сан жүздеген жылдар бойы ол табиғаттан үйреніп дүниені қызықтықты ететіндердің бәрін бейнелеудің таңдай қақтыратын жаңа әдістерін ойлап таны. Оның бейнелеу құралдары шексіз бай бола бастады[3].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлмұғанбетов Б., Балкенов Ж. Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. Алматы: Мектеп 1987ж 5-14 б.
2. Кирцер Ю.М. «Рисунок и живопись». М., 1992ж.
3. Алнатов М.В. Композиция в живописи. М.-Л., 1940. с. 6-25.28